

Жеке кәсіпкер «Жаса» «Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасы

Атырау облысы, Атырау қаласы Жеке кәсіпкер «Жаса» «Ай – Жұлдыз» бөбекжай-бақшасы бойынша өзін-өзі бағалау өлшемшарттарына 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылының жұмыстарына талдау анықтамасы.

Атырау қаласы 2023 -2024

Мазмұны

1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы:

- 1.1. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама;
- 1.2. Заңды тұлға өкілін басшы лауазымына тағайындау туралы бұйрық;
- 1.3. Білім беру ұйымының Жарғысы;
- 1.4. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті бастау

немесе тоқтату туралы хабарлама;

2.Оқу әдістемелік жұмыс:

- 2.1.Бағаланатын кезеңге құрастырылған және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызмет;
- 2.2.Бағаланатын кезеңге құрастырылған және бекітілген білім беру бағдарламалары (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша);
- 2.3.Бағаланатын кезеңге ұйымдасқан қызметтің перспективті жоспары;
- 2.4.Бағаланатын кезеңге тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы;

3.Кадрлық құрамға талдау:

3.1.Педагогикалық кадрлармен қамтылу туралы мәлімет. Басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталған Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға келісе кесте қоса беріледі,оның ішінде: педпгогтердің штаттық кестесі;

3.2. Бағаланатын кезеңде басшылар мен тиісті бейін бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру жөніндегі мәлімет;

4. Тәрбиеленушілер контингенті:

4.1.Бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімі. Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса беріледі.

5.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау:

5.1. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5.2.Бағаланатын кезеңге тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелері;

5.3.Бағаланатын кезеңге балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

5.4.Бағаланатын кезеңге баланың жеке даму картасы;

6. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын өлшемшарттар:

6.1 МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

7. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

7.1. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

7.2. Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау;

8.Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы;

8.1. Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау;

8.2. Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау;

9.Оқу-материалдық активтер:

9.1.Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер. Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса беріледі.

10.Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры:

10.1.Әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер.

11.Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары:**12.Қорытынды мен ұсынымдар:**

1.Кіріспе

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына, 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес және «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» 2024 жылға арналған білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау өткізу кестесіне сәйкес және Атырау облысы, Атырау қаласы Жеке кәсіпкер «Жаса» «Ай – Жұлдыз» бөбекжай-бақшасы басшысының 2024 жылғы, 04 маусым №6 бұйрығы негізінде, 08 – 30 маусым аралығында өзін –өзі бағалау жұмыстары жүргізілді.

Өзін –өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрайымы:

- Мақсұтова С.Н – бөбекжай – бақша меңгерушісі;

Комиссия мүшелері:

- Ермуханова Ж.С – комиссия мүшесі, бөбекжай – бақша әдіскері;
- Қалжігіт Г.Қ – комиссия мүшесі, бөбекжай – бақшасының қазақ тілі мұғалімі;
- Сисенбекова Д.А – комиссия мүшесі, бөбекжай – бақша тәрбиешісі;
- Забиева С.Т – комиссия мүшесі, бөбекжай – бақша тәрбиешісі;
- Бабашева Д.Ж – комиссия мүшесі, бөбекжай – бақша тәрбиешісі.

Өзін – өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар тексеріліп, сарапталды.

- Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы
- Оқу-әдістемелік жұмыс
- Кадрлық құрамға талдау
- Тәрбиеленушілер контингенті
- Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау
- Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын өлшемшарттар
- Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар
- Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы
- Оқу-материалдық активтер
- Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы. педагогтармен, мектепалды жас тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдер) Өзін-өзі бағалау барысында комиссия мүшелері ұйымдастырылған іс-әрекеті, түрлі шаралардың ұйымдастырылуын бақылап, педагогтармен, ересек тобының ата-аналармен сауалнама жүргізді. Өзін-өзі бағалау қорытындысы балабақшаның 2024 жылғы 25 қаңтардағы №4 кезектен тыс педагогикалық кеңесінде қаралды.

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мазмұндар бойынша өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізіліп, талдау жұмыстарының анықтамасы жазылды.

МАЗМҰНЫ

1.1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының толық атауы : Атырау облысы, Атырау қаласы Жеке Кәсіпкер «Жаса» «Ай – Жұлдыз» бөбекжай – бақшасы.

Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы мен нақты орналасқан мекенжайы, пошта индексі) Атырау облысы, Атырау қаласы, Керей Исмағұлов 32, Керей Исмағұлов 34

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, инстаграм, web-сайт): телефоны: 87024596116, эл.почта Salim-ai65@mail.ru, <https://aizhulduz-sad.testim.kz/kz/>

https://www.instagram.com/ai_zhuldyz.balabaqsha (instagram)

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшысының Т.А.Ә, қызметке тағайындалуы туралы бұйрық көшірмесі, электрондық поштасы) Максұтова Сымбат Нұржаубайқызы 01.03.2024 ж №11 бұйрық.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі) 09 тамыз, 2018 жыл, БИН 650629401920.

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)

1.Республика Казахстан, Атырауская область, Атырау Г.А, г.Атырау, Исмағұлов 32, 34. 09.08.2018. № KZ20RVK000175490.

1.2. Балабақша туралы мәлімет:

Бөбекжай – бақша: «Ай – Жұлдыз»

Мекен – жайы: Атырау қаласы, Керей Исмағұлов 32;

Атырау қаласы, Керей Исмағұлов 34.

Пошталық индексі: Атырау қаласы, Керей Исмағұлов 32 – E01G7C1

Атырау қаласы, Керей Исмағұлов 34 – E04A8D2

E-mail: Salim-ai65@mail.ru, интернет сайт <https://aizhulduz-sad.testim.kz/kz/>

Жоба қуаттылығы: Керей Исмағұлов 32 – 44 орындық;

Керей Исмағұлов 34 – 39 орындық;

Ғимарат түрі:

1. Керей Исмағұлов 32 – 2 қабатты жеке тұрғын үй. (3 топқа арналған)

1. Керей Исмағұлов 34 – 2 қабатты жеке тұрғын үй. (3 топқа арналған)

Жалпы көлемі:

1. Керей Исмағұлов 32 – 225,0 шаршы метр. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: 04:066:022:613:1.
2. Керей Исмағұлов 34 – 203,1 шаршы метр. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: 04:066:022:496:1.

Оқыту тілі:

1. Керей Исмағұлов 32 – мемлекеттік тілде.
2. Керей Исмағұлов 34 – мемлекеттік тілде.

Жұмыс тәртібі: Ұзақтығы: 10,5 сағат,
Жұмыс күні: 5 күндік,
Жұмыс уақыты: 8.00-ден – 18.30-ға дейін.

Барлық қызметкерлер саны:21

Педагогтар саны: 15

Техникалық қызметкерлер: 6

Балабақша автоматтандырылған бала қабылдау 2018 оқу жылының қыркүйек айынан бастап **INDIGO 24 kz** -электрондық портал арқылы жүзеге асырылады.

Өрт болған жағдайда адамдарды эвакуациялау сызба жоспары әр ғимараттың әр қабатында ілініп, өрт сөндіру құралдарымен толықтай жабдықталған. Автоматты өрт дабыл қаққыштар жұмыс жасайды, апаттық (эвакуациялық) жарықтандыру белгілері орналасқан.

Жалпы саны 16 бейне бақылау камерасы орнатылған оның 12 ішті, 4 сыртқы түсірілімді көрсетіп тұр. Сақталу мерзімі 30 күн. Дабылқаққыштар мен бейне бақылау камераларының дұрыс жұмыс жасауына ЖШС «Комплексная система безопасности Күзет» №133/22-ТС 08.11.22 жылы келісім шартқа отырылды.

Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларына сай темір шарбақпен қоршалып, 6 топтың ойын алаңы 6-ға бөлінген. Аула аумағында балалардың әрбір жас үшін 6 топқа арналған беседка, құм салғыш, әткеншек, сырғанақтар, орындықтары, тербелетін орындықтармен жабдықталған. Бөбекжай-бақшасының; жеке жылу жүйесі мен таза су желісі орталықтандырылған. Ас блогі тамақты топтарға тарату орны, шикі өнімдер мен дайын өнімдерді дайындайтын темір столдар жеткілікті. Әр бір балабақшада тамақ пісіретін 1 электірлі пеш, 1 духовка қарастырылған. Тамақ сақтауға арналған тоңазтқыштар орналасқан. Ас үй бөлмесінде тамақ сақтайтын және көкөніс сақтайтын қоймалар бар.

Төсек орын жабдықтарын, құрғақ тазалау (химчистка) «Айсулу» Жеке кәсіпкер А. Дауленбаевамен №26-А/24 келісім шарт жасақталып, айын 4 рет жуылып санитариялық эпидемиологиялық талаптарға сәйкес орындалып, қабылданады. Балалардың төсек жабындылары айына 2 рет ауыстырылады.

№	Атаулары	Саны
---	----------	------

1	Топтар саны	6
	-ойын бөлмесі	6
	-жатын бөлмесі	6
	-қабылдау бөлмесі	2
	-әжетхана т.б.	3
Мамандандырылған үй-жайлар		
2	Саз бөлмесі	0
3	Меңгеруші кабинеті	1
4	Әдістемелік кабинеті	1
Ілеспе үй-жайлар		
10	Медициналық кабинет	2
11	Асхана блогі	1
12	Кір жуатын , үтіктейтін орын	0
13	Есепші кабинеті	1
14	Қойма үй жайлары	1

Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметінде төмендегі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>
5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>
6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
7. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>
8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
9. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>
10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
11. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>
12. Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

13. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077>
14. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>
15. Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>
16. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>
17. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>
18. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>
19. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>
20. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>
21. Педагогикалық әдеп қағидалары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020619>

2. Оқу әдістемелік жұмыс:

2.1. Бөбекжай-бақшасының оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – УОЖ) талаптарына сәйкестігі;

«Ай–Жұлдыз» бөбекжай-бақшасы жұмыс барысында, Қазақстан Республикасы білім туралы заңы (19.05.2015 ж өзгертулер мен толықтырулар) 3 бабының мынандай негізгі принциптеріне сүйенеді.

1. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

- баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі;
- білім беру жүйесін дамытудың басымдығы;
- әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі;

- білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы;
- жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту;
- білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;
- оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі;

Қазақстан Республикасының білім туралы заңы (01.01.2015 ж өзгертулер мен толықтырулар) заңының 15 бабына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іс-әрекет түрлерінің мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленеді.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:

- балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді.
- әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге даярлауға бағдарланады.

3. Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауды көздейді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты:

- оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны;
- тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне;
- тәрбиеленушілердің даярлық деңгейіне;
- оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды;

Стандарт талаптары:

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркелу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - үлгілік оқу жоспарлары)

«Страна чудес» балабақшасы жоғарыдағы көрсетілген талаптарды сақтай келе, оқу жоспары негізінде білім берудің денсаулық сақтау режимін ұйымдастыруды ескере отырып, барлық жас топтары үшін оқу жоспары және

де оқу жылына ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесі жасалды. Максималды рұқсат етілген апталық оқу жүктемесін сақтау; ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығын сақтау;

2021-2022 оқу жылында

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-қосымша (2020ж 12.05.№195 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар) бұдан әрі- Үлгілік оқу жоспары осы бұйрықтарды басшылыққа ала отырып жасақталды. Барлық жас топтары үшін оқу жылы -1 қыркүйектен 31 мамырға дейін (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны іске асырылады)

Оқу жоспары 2 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға арналып жасақталды. Оқу жоспары Жеке кәсіпкер «Жаса» «Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының 2021 жылғы отыз бірінші (31) тамызда өткізілген, №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып бекітілді.

1жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

2 жастан бастап кіші топ балаларының апталық оқу жүктемесінің көлемі – 9 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 10-15 минут. Оқу жылының апта саны – 36.

3 жастан бастап ортаңғы топ балаларының апталық оқу жүктемесінің көлемі – 11 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 15-20 минут. Вариативтік компонентке 1 сағат бөлініп, тәрбиешілер шығармашылығынан ортаңғы «Ботақан» тобында «Логика» - 1 сағат қарастырылып, барлығы - 12 сағат жиынтығын құрады. Вариативтік компонент оқу қызметін ортаңғы тобының тәрбиешісі күннің екінші жартысында жүргізеді. Оқу жылының апта саны – 36.

4 жастан бастап ересек топ балаларының апталық оқу жүктемесінің көлемі – 12 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 20-25 минут. Вариативтік компонентке 2 сағат бөлініп, тәрбиешілер шығармашылығынан ересек «Жұлдыз» тобында «Қызықты математика» - 1 сағат, «Өнерлі екен он саусақ»- 1 сағат жұмысы қарастырылып, барлығы - 14 сағат жиынтығын құрады. Вариативтік компонент оқу қызметін ересек тобының тәрбиешілері күннің екінші жартысында жүргізеді. Оқу жылының ұзақтығы – 36 оқу аптасы.

1жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

4 жастан бастап ересек топ балаларының апталық оқу жүктемесінің көлемі – 12,5 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 20-25 минут. Вариативтік компонентке 1,5 сағат бөлініп, тәрбиешілер шығармашылығынан ересек «Жұлдыз 2» тобында «Логика» - 0,5 сағат, «Юный эколог»- 1 сағат жұмысы қарастырылып, барлығы - 14 сағат жиынтығын құрады. Вариативтік компонент оқу қызметін ересек тобының тәрбиешілері күннің екінші жартысында жүргізеді. Оқу жылының апта саны – 36.

5 жастан бастап ересек топ балаларының апталық оқу жүктемесінің көлемі – 18 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 25-30 минут. Вариативтік компонентке 2 сағат бөлініп, тәрбиешілер шығармашылығынан мектепалды даярлық «Радуга» тобында «Умелые ручки» - 1 сағат, «Логика» - 1 сағат жұмысы қарастырылып, барлығы - 14 сағат жиынтығын құрады. Вариативтік компонент оқу қызметін ересек тобының тәрбиешілері күннің екінші жартысында жүргізеді. Оқу жылының апта саны – 36.

Қосымша жалғанды: барлық топқа арналған оқу жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі. <https://aizhulduz-sad.testim.kz/kz/>

2022-2023 оқу жылында

Жеке кәсіпкер «Жаса» «ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жоспары және оқу –тәрбие процессін ұйымдастыру келесі нормативтік –құқықтық құжаттарға сәйкес құрылды:

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы) (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы, 14 қазандағы №422 бұйрығы өзгертулер мен толықтырулар);

-Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, санитариялық қағидалары бекіту туралы (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ -59 бұйрығы);

-Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы);

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-қосымша (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022ж 09.09 №394 бұйрығы өзгертулер мен толықтырулар) бұдан әрі- Үлгілік оқу жоспары осы бұйрықтарды басшылыққа ала отырып жасақталды.

Оқу жоспары «Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының 2022 жылғы отыз бірінші (31) тамыздағы №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып бекітілді. Оқу жоспары барлық жас топтары үшін оқу жылы 2022 жылдың -1 қыркүйегінен басталып 31 мамырда аяқталады.

Оқу жоспары кіші топтан ересек топ аралығын қамтиды.

Балабақшаның ұйымдастырылған іс-әрекеті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы арқылы жүргізіледі.

Балабақшада барлығы 6 топ, мемлекеттік тілде жұмыс жасайды.

Оның ішінде:

№	Жас кезеңдері	Топ саны	Қазақ тобы	Орыс тобы
1	Кіші топ 2 жастағы балалар	2	2	0
2	Ортаңғы топ 3 жастағы балалар	2	2	0

3	Ересек топ 4 жастағы балалар	2	2	0
---	------------------------------	---	---	---

Топтар бойынша

Кіші топ(2 жастағы балалар) аптадағы нормативтік жүктеме дене шынықтыру- аптасына 3 рет, музыка- аптасына 1 рет, ұйымдастырылған іс-әрекетінің аптадағы өткізу жиілігі күн сайын.

Ортаңғы топ(3 жастағы балалар) аптадағы нормативтік жүктеме дене шынықтыру - аптасына 3 рет, музыка - аптасына 1 рет, қазақ тілі - аптасына 1 рет, ұйымдастырылған іс-әрекетінің аптадағы өткізу жиілігі күн сайын.

Ересек топ(4 жастағы балалар) аптадағы нормативтік жүктеме дене шынықтыру-аптасына 3 рет, музыка - аптасына 2 рет, қазақ тілі-аптасына 1 рет, ұйымдастырылған іс-әрекетінің аптадағы өткізу жиілігі күн сайын.

Оқу жоспарын құру кезінде негізгі талаптарды ескере отырып (қарапайымнан күрделіге дейін, жас және жеке ерекшеліктерін, климаттық жағдайларды ескеру және т.б) перспективалық жоспарлар жасалады.

Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдануда, педагогикалық кеңесінде вариативтілік іс әрекет жоспарлары түсіндіріліп, талқыланып бекітілді.

Ортаңғы «Ботақан», «Қарылғаш» топтарында – «Логика».

Ересек «Болашақ», «Жұлдыз» топтарында – «Қызықты математика».

Қосымша жалғанды: барлық топқа арналған оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекет, вариативтік іс-әрекет кестесі. <https://aizhulduz-sad.testim.kz/kz/>

2023 – 2024 оқу жылында

Жеке кәсіпкер «Жаса» «Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспары және оқу –тәрбие процессін ұйымдастыру келесі нормативтік –құқықтық құжаттарға сәйкес құрылды:

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан РеспубликасыОқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы) (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы, 14 қазандағы №422 бұйрығы өзгертулер мен толықтырулар);

-Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, санитариялық қағидалары бекіту туралы (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ -59 бұйрығы);

-Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы);

-Мекпеке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-қосымша (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022ж 09.09 №394 бұйрығы өзгертулер

мен толықтырулар) бұдан әрі- Үлгілік оқу жоспары осы бұйрықтарды басшылыққа ала отырып жасақталды.

Оқу жоспары «Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының 2023 жылғы отыз бірінші (31) тамызда №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып бекітілді. Оқу жоспары барлық жас топтары үшін оқу жылы 2023 жылдың -1 қыркүйегінен басталып 31 мамырда аяқталады.

Оқу жоспары кіші топтан ересек топ аралығын қамтиды.

Бөбекжай-бақшаның ұйымдастырылған іс-әрекеті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы арқылы жүргізіледі.

Бөбекжай-бақшада барлығы 6 топ, барлық топ мемлекеттік тілде жұмыс жасайды.

Оның ішінде:

№	Жас кезеңдері	Топ саны	Қазақ тобы	Орыс тобы
1	Кіші топ 2 жастағы балалар	2	2	0
2	Ортаңғы топ 3 жастағы балалар	2	2	0
3	Ересек топ 4 жастағы балалар	2	2	0

Топтар бойынша

Кіші топ(2 жастағы балалар) аптадағы нормативтік жүктеме дене шынықтыру- аптасына 3 рет, музыка- аптасына 1 рет, ұйымдастырылған іс-әрекетінің аптадағы өткізу жиілігі күн сайын.

Ортаңғы топ(3 жастағы балалар) аптадағы нормативтік жүктеме дене шынықтыру - аптасына 3 рет, музыка - аптасына 1 рет, қазақ тілі - аптасына 1 рет, ұйымдастырылған іс-әрекетінің аптадағы өткізу жиілігі күн сайын.

Ересек топ(4 жастағы балалар) аптадағы нормативтік жүктеме дене шынықтыру-аптасына 3 рет, музыка - аптасына 2 рет, қазақ тілі-аптасына 1 рет, ұйымдастырылған іс-әрекетінің аптадағы өткізу жиілігі күн сайын.

Оқу жоспарын құру кезінде негізгі талаптарды ескере отырып (қарапайымнан күрделіге жейін, жас және жеке ерекшеліктерін, климаттық жағдайларды ескеру және т.б) перспективалық жоспарлар жасалады.

Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдануда, педагогикалық кеңесінде вариативтілік іс әрекет жоспарлары түсіндіріліп, талқыланып бекітілді.

Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдануда, педагогикалық кеңесінде вариативтілік іс әрекет жоспарлары түсіндіріліп, талқыланып бекітілді.

Ортаңғы «Ботақан», «Қарылғаш» топтарында – «Логика».

Ересек «Болашақ», «Жұлдыз» топтарында – «Қызықты математика».

Қосымша жалғанды: барлық топқа арналған оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекет, вариативтік іс-әрекет кестесі. <https://aizhulduz-sad.testim.kz/kz/>

2.2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны:

1. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге;
 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз етуге;
 3. Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құруға;
 4. Қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік дағдыларды ерте жастағы балаларды қалыптастыруға;
 5. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға;
 6. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындықты;
 7. Креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға;
 8. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған;
- Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушісі Үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша меңгеруге тиісті білім, білік, дағдылар көлемін және құзіреттіліктерді меңгеруі тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымның және орта білім беру ұйымдарының мектепалды сыныбы түлегі келесідей сапаларды меңгеруі тиіс:

1. Дене бітімі дамыған;
2. Білуге құмар;
3. Өзіне сенімді және белсенді;
4. Эмоционалды елгезек;
5. Әлеуметтік дағдыларды және ересектермен, құрдастарымен өзара қарым-қатынас жасаудың, өз бетінше үйренудің дағдылары мен әдістерін меңгерген;
6. Өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (ел) және табиғат жөніндегі алғашқы түсініктері бар;

7. Орта білім беру ұйымында оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды игерген.

2021-2022 оқу жылында

«Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасында оқу-тәрбие жұмыстары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүргізілді.

оқу-тәрбие процесі жүзеге асырылды:

-күн тәртібі

-өтпелі тақырыпқа негізделген перспективалық жоспар

-циклограмма

-вариативтік компонент

Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша педагогикалық кеңесте бекітілген өтпелі тақырыптар негізінде барлық жас ерекшелігі топтарының перспективалық жоспарлары, ҰОҚ кестесі, «Вариативтік компонент» жоспарлары, балалардың күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы жасақталып, тәрбиелеу – білім беру процесі жоспарлы ұйымдастырылды. «Музыка», «Орыс тілі» және «Қазақ тілі», «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде іс-шаралар жоспары жасақталды. Бағдарлама аясында балабақшада, салт-дәстүр мен жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тәрбие мен оқыту қызметінде балалармен ата- аналармен және педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдау жұмыстары жүйелі түрде атқарылуда.

Күн тәртібі-баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін тәулік бойғы уақытты тиімді бөлу және түрлі іс-әрекет пен демалыстың дұрыс өзара бірізділігі болып табылады. Балалардың денсаулығы және денесі дұрыс дамуы үшін күн тәртібінің маңызы зор. Баланың тамақтанатын, ұйықтайтын, серуенге шығатын, ойнайтын және оқу қызметінің әрдайым біркелкі болуы - дұрыс тәрбиелеудің міндетті шарты. Күн тәртібіне сергіту, ұйықтау, тамақтандыру, серуендету, ойнату, оқыту әртүрлі еңбекті ұйымдастыру жатады. Бұлар тұрақты түрде белгілі уақыт аралығында бір ырғақпен қайталанып келіп отырады, ол бала ағзасындағы өзгерісті, табиғат құбылыстарының ауысуын, асқазанның, жүректің, ми қызметін жүйеге салып, бір әрекеттен екіншісіне ауысуын оңайлатады. Күн тәртібінің дұрыс орындалуы баланың жүйкесіне және ағзасының барлық өсу, даму процесінің дұрыс жетілуіне игі әсерін тигізеді. Тұрақты күн тәртібі бала денсаулығын жақсартады. Осыған орай, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында әр оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатта көрсетілген күн тәртібі өңірлік ерекшеліктерге байланысты өзгеруі мүмкін делінген. Сондықтан да балабақшамызда барлық топ жас ерекшеліктеріне арналған күн тәртібі таңертеңгі қабылдау 8.00-де басталатынын ескере отырып, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жасақталып, №1 педагогикалық кеңесінде бекітілді.

Қосымша жалғанды: барлық кіші, ортаңғы, ересек топтарына арналған күн тәртібінің кестесі. <https://aizhulduz-sad.testim.kz/kz/>

Мектепке дейінгі ұйымның педагогтары жалпы тәрбие және тәрбие жұмысының тиімділігі жоспарлаудың қаншалықты ойластырылғанына, сауатты жүзеге асырылуына байланысты екенін түсінеді. Сондықтан олар оқу жылына перспективалық жоспарды, күндізгі уақытта балалардың өмірін ұйымдастыру циклограммасын дайындауға толық жауапкершілікпен қарайды. Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ететін өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған Перспективалық жоспарды қарастырады, қажетті ақпаратты іздеуге уақыт жоғалтпайды және міндетті құжаттама болып табылады. Перспективалық жоспар 6 топтың тәрбиешілермен және басқа да педагогтармен (қазақ тілі мұғалімі, саз жетекшісі, орыс тілі пән мұғалімі) бір оқу жылына арналған өтпелі тақырыптар негізінде құрды. Педагог өтпелі тақырыптарды таңдағанда аймақтық ерекшеліктерді, балалардың жастарын, мектепке дейінгі ұйымның тақырыптық бағытын немесе тәрбиешінің, педагог-маманның жұмыс тақырыбын ескере отырып жоспарлады. Жоспарланған өтпелі тақырыптар, олардың бірізділігі мен саны №1 педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді. Бір жылға жасақталған перспективалық жоспарда ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыптары анықталды. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту жөніндегі оқу-тәрбие міндеттерін міндетті түрде орындау көзделген. Оқу-тәрбие процесінің сапалы өтуін қамтамасыз ету мақсатында тәрбиешілер перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма жасақтады.

Циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан, ұйымдастырылған оқу қызметін серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін барлық күнделікті процестердің орындалуын қамтамасыз етті. Циклограмманың құрылымы тәулік режиміне сәйкес салынған. Сонымен қатар балаларды оқытуда оларды шаршатпай, баланың бастамасын, пікірін және тілектерін ескере отырып, олар үшін қызықты ойын түрінде өткізу ұйымдастырылды.

Циклограмма талаптары орындалды анықтап айтқанда:

- ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары Перспективалық жоспарға сәйкес анықталды;
- өтпелі тақырыптың мазмұнына сәйкес бағдарламалық материалды бөлуде жүйелік пен сабақтастық ұсатнымын сақтады;
- Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз етілді;
- балаларды дамыту мен оқытуды қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдерді қолданылды;
- циклограмманың құрылымдық бөлімдерін сапалы жоспарлау үшін заттық-кеңістіктік дамытушы орта қалыптастырылды.

Қосымша жалғанды: барлық кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтарына арналған өтпелі тақырып, перспективалық жоспар, циклограмма, күн тәртібі. <https://aizhulduz-sad.testim.kz/kz/>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлінің 2012 жылы 20 желтоқсанындағы №557 бұйрығында инвариантты және вариативтік бөлік көрсетіледі. Ұйымдастырылған оқу қызметі міндетті бөлімінің орындалуын-Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруды қамтамасыз етеді. Вариативтік компонент ортаңғы (3-4 жастағы балалардан бастап) вариативтік компонент енгізілді. Вариативтік компонентті анықтауда балалардың жас және жеке ерекшеліктері, қызығушылықтары және мектепке дейінгі ұйым қызметінің бағыты негізінде «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша және де тәрбиешілердің шығармашылығынан вариативтік жоспарлары құрылып №1 педагогикалық кеңеспен бекітілді.

Қосымша тіркелді: ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтарына арналған вариативтік компонент жоспарлары. <https://aizhulduz-sad.testim.kz/kz/>

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында.

«Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасында оқу-тәрбие жұмыстары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүргізілді.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға
- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша жүргізілетін мониторингке сәйкес жүзеге асырылды.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша іске асырылды:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру .

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылды:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) сөйлеуді дамыту;
- 3) көркем әдебиет;
- 4) сауат ашу негіздері;
- 5) қазақ тілі;
- 6) сенсорика;
- 7) математика негіздері;
- 8) құрастыру;
- 9) қоршаған ортамен таныстыру;
- 10) сурет салу;

- 11) мүсіндеу;
- 12) жапсыру;
- 13) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастырылды. Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, музыкалық жетекшісі) жоспар жасақтады. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалды.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылып отырылды. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылып іске асырылды.

Тәрбиешілер циклограмманы әр аптаға құрып, балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етіп отырды. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылды. Циклограмманы жоспарлауда талаптарды негізге алды:

- аптаның әрбір күніне перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

